

**«UNIVERSITY MEDICAL CENTER» КҚ КЛИНИКАЛАРЫ БАЗАСЫНДА**

**2026 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН СЕРТИФИКАТТАУ КУРСТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ**

№	Сертификаттау курсы тақырыбының атауы	Мамандығы	Курстың қысқаша мазмұны	Кредит/сағат/апта б/ша курс ұзақтығы	Өткізу күні
1	<b>Аллергология және иммунология (балалар)</b>	Аллергология және иммунология ересектер, балалар Аллергология және иммунология (ересектер) Балалардікін қоса алғандағы аллергия және иммунология	Бағдарлама амбулаториялық және стационарлық жағдайларда заманауи халықаралық хаттамалар негізінде аллергиялық аурулары және иммундық жүйе патологиясы бар балаларды диагностикалау, емдеу, алдын алу және оңалту бойынша практикалық дағдыларды меңгеруге бағытталған.	<b>30 кредит 900 акад.сағат 15 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
2	<b>Анестезиология және реаниматология (балалар)</b>	Анестезиология және реаниматология (ересектер) Анестезиология және реаниматология (ересектер) (Амбулаториялық-емханалық ұйымдар және ауылдық елді мекендерде, соның ішінде аудан орталықтарында, сондай-ақ қала үлгісіндегі кенттерде орналасқан ұйымдар үшін) Анестезиология және реаниматология (перфузиология, токсикология) (ересектер) Анестезиология және реаниматология (токсикология) (ересектер) Ересектер мен балалардың шұғыл медицинасы Жедел және шұғыл медициналық көмек	Бағдарлама «анестезиолог-реаниматолог (балалар)» біліктілік талаптарына және Анестезиологиялық және реаниматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына (ҚР ДСМ 26.04.2023 жылғы №78 бұйрығы) сәйкес тереңдетілген білімді, клиникалық дағдыларды және кәсіби ойлауды дамытуға бағытталған. Бағдарламаның мақсаты — стационарлық және шұғыл жағдайларда балаларға білікті анестезиологиялық және реаниматологиялық көмек көрсету үшін қажетті кәсіби құзыреттерге ие, соның ішінде анестезия жүргізу, критикалық жағдайларды диагностикалау және емдеу, қарқынды терапияны қамтамасыз ету, өмірлік маңызды функцияларды мониторингілеу және қолдау дағдылары бар дәрігерді даярлау.	<b>14 кредит 450 акад.сағат 7 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>

3	<b>Анестезиология және реаниматология ересектер, балалар</b>	Ересектер мен балалардың шұғыл медицинасы Жедел және шұғыл медициналық көмек	Бағдарлама дәрігерлердің білім беру және кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыруға, «Анестезиология-реаниматология» мамандығы бойынша кәсіби қызметтің жаңа түрін орындау кезінде сұранысқа ие білім, икемділік пен дағдылар саласын сапалы кеңейтуге бағытталған. Оқытудың жоспарланған нәтижелері дәрігердің кәсіби құзыреттілігін, оның кәсіби білімін, икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға арналған. Цикл барысында оқыту алдында тыңдаушылардың базалық білімі мен дағдыларының деңгейі анықталады. Бұл бағдарлама тыңдаушының құзыреттілігін жоғары білімнің негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын — жоғары білікті кадрларды даярлау бағдарламаларын іске асыру кезінде міндетті және барлық кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыру барысында кәсіби міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ҚР ДСМ МЖБС талаптарына сәйкес қалыптастырады, бұл	<b>30 кредит 900 акад.сағат 15 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
4	<b>Гастроэнтерология (балалар)</b>	Педиатрия Педиатрия (неонатология) Гастроэнтерология (ересектер) Гепатология Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (ересектер) Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия) (ересектер) Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)	Бағдарлама ҚР-дағы гастроэнтерологиялық қызметті құру мәселелері, балалар гастроэнтерологиясындағы алдын алу, фармако- және диетотерапия негіздері бойынша жаңа кәсіби құзыреттерді кеңейту мен меңгеруге бағытталған. Бағдарламаны сәтті меңгеру балалардағы ас қорыту мүшелері ауруларының жалпы және ерекше белгілерін анықтай алатын; клиникалық диагнозды дұрыс негіздеуге, пациенттің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, менеджмент жоспарын құруға және тактикасын белгілеуге; кешенді жалпы дәрігерлік диагностикалық манипуляцияларды жүргізуге; жоғары қауіп топтарындағы балалардың ас қорыту мүшелері ауруларының алғашқы профилактикасын жүзеге асыруға қабілетті білікті балалар гастроэнтерологтарын даярлауға кепілдік береді.	<b>22 кредит 660 акад.сағат 11 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
5	<b>Интервенциялық радиология</b>	Ангиохирургия ересектер, балалар	Интервенциялық радиология әдістерін, артериялық және веноздық жүйелер патологиясы бар пациенттерді, соның ішінде басқа мүшелер мен	<b>40 кредит 1200 акад.сағат 20 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>

		<p>Ангиохирургия (рентгенохирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер)</p> <p>Ангиохирургия (рентгенохирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)</p> <p>Балалардікін қоса алғандағы ангиохирургия, Кардиохирургия ересектер, балалар</p> <p>Кардиохирургия (ересектер)</p> <p>Кардиохирургия (балалар)</p> <p>Балалардікін қоса алғандағы кардиохирургия</p>	<p>жүйелер патологиясы бар пациенттерді емдеудегі теориялық мәселелерді зерделеу және практикаға енгізу. Дәлелді медицина тұрғысынан, диагностика және емдеу стандарттарынан алынған тексеру нәтижелерін түсіндіру, емдеу, диагностикалаудың заманауи қағидаттары бойынша практикалық дағдыларды жетілдіру ота алдындағы дайындық әдістерін, интервенциялық араласуларды жүргізу тәсілдерін меңгеруге, пациенттерді отадан кейінгі жүргізу ерекшеліктерін зерделеуге мүмкіндік береді.</p>		
<b>6</b>	<b>Интервенциялық аритмология</b>	<p>Кардиология ересектер, балалар</p> <p>Кардиохирургия ересектер, балалар</p>	<p>Бағдарлама қатысушыларға аритмиялардың патофизиологиясын, жүректің электрофизиологиясын, аритмиялар жіктелімін және диагностика мен емдеудің негізгі әдістерін терең түсінуді қамтамасыз етеді. Бұл курс қатысушыларға радиожилікті абляцияны, кардиостимуляторларды және кардиовертер-дефибрилляторларды имплантациялауды қоса алғанда, интервенциялық емшараларды жүргізуде қажетті практикалық дағдыларды алуға мүмкіндік береді. Бірғақ және өткізгіштік бұзылыстары бар пациенттерді тиімді диагностикалау, қауіпін бағалау және стратификациялау, сондай-ақ оңтайлы емдеу әдістерін таңдау, асқынуларды басқару және сапалы отадан кейінгі күтімді қамтамасыз ету бойынша қосымша кәсіби білім мен дағдыларды тереңдету және қалыптастыру. Жаңа технологияларды интеграциялау: қатысушыларды интервенциялық аритмология саласындағы соңғы жетістіктермен таныстыру. Интервенциялық аритмология курсы қатысушыларға осы салада табысты тәжірибе үшін қажет білім негізін және практикалық дағдыларды қамтамасыз етеді, сонымен қатар аритмиясы бар</p>	<p><b>70 кредит</b></p> <p><b>2100 акад.сағат</b></p> <p><b>35 апта</b></p>	<p><b>Сұраныстың түсіюіне қарай</b></p>

			пациенттердің емдеу нәтижелері мен өмір сапасын жақсартуға ықпал ететін зерттеулер мен инновацияларға қызығушылықты ынталандырады.		
<b>7</b>	<b>Интервенциялық кардиология</b>	Кардиология (интервенциялық кардиология) (ересектер) Ангиохирургия ересектер, балалар Ангиохирургия, оның ішінде балалар Кардиология ересектер, балалар Балалардікін қоса алғандағы кардиология	Қазақстан Республикасында қан айналымы жүйесінің аурулары (ҚЖА) халықтың сырқаттанушылығының, өлім-жітімінің және мүгедектігінің жалпы құрылымында бірінші орын алады. Осыған байланысты, қойылған міндеттерді сауатты шеше алатын дәрігер-кардиологты даярлау үздіксіз медициналық білім берудің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бағдарламаға кардиология саласындағы жетістіктер енгізілген. Жүректің жіті және созылмалы патологиясының этиологиясы, патогенезі, клиникасы, емі және алдын алу туралы заманауи түсініктер толық ашылған. Эпидемиология, этиология, қауіп факторлары талданады. Жүректің жіті және созылмалы патологиясын дифференциалды диагностикалау, амбулаториялық және госпиталдық кезеңдерде пациентті жүргізу алгоритмі, фармакологиялық тәсілдер негіздері, СЖЖ ауыр көріністері бар пациенттерді жүргізу мәселелеріне үлкен көңіл бөлінген.	<b>24 кредит 720 акад.сағат 12 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
<b>8</b>	<b>Неврология балалар</b>	Неврология ересектер, балалар Неврология (ересектер) Неврология (Негізгі мамандық бейіні бойынша функционалдық диагностика) (ересектер)  Балалардікін қоса алғандағы неврология Педиатрия Педиатрия (неонатология)	Бағдарлама қызметі іс-тәжірибе мен ғылымда озық инновациялық технологияларды қолдана отырып, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін пайдалана отырып, мамандандырылған көмек шеңберінде балалар денсаулығын нығайтуға, неврологиялық аурулары бар балаларға медициналық көмек көрсету кезінде қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған балалар неврологы маманын даярлауға бағытталған.	<b>15 кредит 450 акад.сағат 7,5 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
<b>9</b>	<b>Неонаталды хирургия</b>	Балалар хирургиясы Балалар хирургиясы (комбустиология, колопроктология, абдоминалды хирургия, торакалды хирургия,	Неонаталды хирургия — балалар хирургиясының маңызды және ажырамас бөлігі. «Неонаталды хирургия» сертификаттау курсының бағдарламасы жаңа туған нәрестелердегі туа біткен даму ақаулары мен жүре пайда болған ауруларды диагностикалау мен емдеудің негізгі қағидаттарын, сондай-ақ	<b>24 кредит 720 акад.сағат 12 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>

		негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) Балалар хирургиясы (Негізгі мамандық бейіні бойынша трансплантология)	антенаталдық диагностика қағидаттарын және босануға дейінгі және босанудан кейінгі кезеңдегі жүргізу тактикасын зерттейді. Бағдарлама мамандардың кәсіби білімін, икемділігі мен дағдыларын тереңдетуге, атап айтқанда, қызметі мамандандырылған көмек шеңберінде жаңа туған кезеңдегі туа біткен даму ақаулары мен жүре пайда болған аурулардың алдын алуға, диагностикалауға, операциялық және консервативті еміне бағытталған неонаталдық хирург дәрігерді даярлауға бағытталған.		
<b>10</b>	<b>Неонатология</b>	Педиатриялық бейін (Педиатрия, Неонатология, Кардиология балалар, Ревматология балалар, Пульмонология балалар, Гастроэнтерология балалар, Нефрология балалар, Эндокринология балалар, Фтизиатрия балалар)	Бұл бағдарлама педиатр дәрігерлерді неонатология бойынша мамандандыруға бағытталған. Оқыту процесінде перзентхана жағдайында түрлі перинаталдық патологиясы бар жаңа туған нәрестелерге көмек ұйымдастыру және көрсету, сондай-ақ шала туған нәрестелерді күту кезеңінде көмек көрсету бойынша білім қалыптасады. Босану залында алғашқы көмек көрсетудің заманауи алгоритмдеріне, инфузиялық терапия, парентералдық және энтералдық тамақтандыру, қышқыл-негіздік, электролиттік бұзылыстар, жаңа туған нәрестелерді респираторлық қолдау, хирургиялық және инфекциялық патологиясы бар нәрестелерді жүргізу тактикасы бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыруға үлкен көңіл бөлінеді. Мамандарға арналған сертификаттау курсына сәулелік диагностика модулі де енгізілген, онда жаңа туған нәрестелердегі туа біткен даму ақауларын, РДС, ВУП, БЛД тиімді диагностикалауға және мидың УДЗ деректерін түсіндіруге мүмкіндік беретін неонатологиядағы рентгендік диагностика мен нейросонография ерекшеліктері зерттеледі.	<b>32 кредит 960 акад.сағат 16 апта</b>	<b>Сұраныстың түсіюіне қарай</b>
<b>11</b>	<b>Перфузиология</b>	Ангиохирургия ересектер, балалар Анестезиология және реаниматология ересектер, балалар Кардиология ересектер, балалар	Бағдарлама «Перфузиология» мамандануы бойынша кәсіби білімді, біліктілікті және дағдыларды кеңейтуге бағытталған. Ол жасанды қан айналымы жағдайында операциялық-анестезиологиялық жәрдем жүргізу, науқасты кардиалды автожекторының осы түрін жүргізуге бағалау және дайындау, периоперациялық кезеңдегі су-электролит теңгерімін бағалау және оның бұзылуы кезіндегі	<b>10 кредит 300 акад.сағат 5 апта</b>	<b>Сұраныстың түсіюіне қарай</b>

		Кардиохирургия (ересектер) Пульмонология ересектер, балалар	түзету жолдары, ересектер мен балалардың тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйелерінің физиологиясы, жасанды қан айналымының патологиялық физиологиясы, ЖҚА кезіндегі трансфизиология негіздері бойынша теориялық блокты қамтиды. Бағдарламаның практикалық құрамдас бөлігін меңгеру барысында білім алушылар жасанды қан айналымы аппаратын жұмысқа дайындау, жасанды қан айналымын тікелей жүргізу, оны жүргізу кезінде пациенттің жағдайын мониторингілеу, реперфузиялық кезеңде пациенттің клиникалық жағдайын бағалау, периперациялық кезең бойы ағзаның барлық өмірлік маңызды жүйелерінің жұмысын қолдау мақсатында зертханалық-аспаптық тексеру әдістерінің нәтижелерін интерпретациялау дағдыларын меңгереді.		
12	<b>Рентгенологиядағы мейіргер ісі</b>	Мейіргер ісі Емдеу ісі Акушерлік іс Стоматология (тіс дәрігері, дантист, стоматолог ассистенті, стоматологиялық гигиенист)	«Рентгенология» сертификаттау циклінің бағдарламасы болашақ рентген зертханашыларының құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Білім беру бағдарламасы кәсіби біліктілік деңгейіне қойылатын талаптарды және жетістік индикаторларын (нәтиже-индикаторы), сондай-ақ мүмкіндігінше импакт-индикаторларды (ықпал ету индикаторы) бағалай отырып, бағдарламаны іске асыру тиімділігін мониторингілеуді ескере отырып жасалған.	<b>10 кредит 300 акад.сағат 5 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
13	<b>Трансплантология Негізгі мамандық бейіні бойынша</b>	Жалпы хирургия	Оқуды толық аяқтағаннан кейін мамандар трансплантология негіздері туралы білім алады: даму тарихы, трансплантациялық иммунология, трансплантациядан кейінгі кезеңде науқастарды жүргізу, дәлелді медицина принциптеріне және емдік-диагностикалық, фармацевтикалық технологиялардың заманауи жетістіктеріне сәйкес қабылдамау криздері мен асқынуларды диагностикалау, емдеу және алдын алу бойынша білім. Сондай-ақ мамандар бүйрек пен бауыр трансплантациясының хирургиялық аспектілері туралы білімге ие болады. Практикалық білімнен курс тыңдаушылары трансплантаттың	<b>30 кредит 900 акад.сағат 15 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>

			диагностикалық биопсиясын өз бетінше жүргізе алатын болады.		
14	<b>Эндокринология (ересектер)</b>	Терапевтік бейін (Терапия, Гастроэнтерология, Кардиология, Ревматология, Пульмонология, Нефрология, Эндокринология, Отбасылық медицина)	Оқыту барысында тыңдаушылар эндокриндік жүйе мүшелерінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері туралы білімді меңгереді, клиникалық-зертханалық тексерудің жоғары ақпараттық әдістерін қолдана отырып, эндокриндік ауруларды ерте диагностикалау дағдыларын иеленеді; анықталған жағдайларды емдеудің заманауи тәсілдеріне үйренеді, эндокриндік аурулары бар пациенттерге өз ауруларын басқару дағдыларын баулу әдістерін меңгереді, өз білімдерін үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігіне мотивация алады.	<b>15 кредит 450 акад.сағат 7.5 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
15	<b>Эндокринология (балалар)</b>	Терапиялық бейін (Терапия, Гастроэнтерология, Кардиология, Ревматология, Пульмонология, Нефрология, Эндокринология, Отбасылық медицина)	Оқыту барысында тыңдаушылар эндокриндік жүйе мүшелерінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері туралы білімді меңгереді, клиникалық-зертханалық тексерудің жоғары ақпараттық әдістерін қолдана отырып, эндокриндік ауруларды ерте диагностикалау дағдыларын иеленеді; анықталған жағдайларды емдеудің заманауи тәсілдеріне үйренеді, эндокриндік аурулары бар пациенттерге өз ауруларын басқару дағдыларын баулу әдістерін меңгереді, өз білімдерін үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігіне мотивация алады.	<b>15 кредит 450 акад.сағат 7.5 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
16	<b>Урология және андрология (балалар)</b>	Балалар хирургиясы (неонаталды хирургия) Балалар хирургиясы (торакалды хирургия) Балалар хирургиясы	Балалар урологиялық хирургиясының негізгі ұғымдарымен және урологиялық қызметті ұйымдастырумен танысу. Урологиялық пациенттерді инвазивті диагностикалау және операциялық емдеу әдістемелерін меңгеру. Пациенттерді операция алдындағы және одан кейінгі жүргізу әдістемелерін меңгеру, уролог дәрігердің құзыретіне жататын нозологиялық формаларды зерделеу. Бағдарламаның мазмұны белгіленген біліктілік талаптары, кәсіби стандарттар және тиісті мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары негізінде әзірленген. Оқытудың жоспарланған нәтижелері дәрігердің кәсіби құзыреттілігін, оның кәсіби білімін, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.	<b>10 кредит 300 акад.сағат 5 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
17	<b>Пульмонология (балалар)</b>	Фтизиатрия	«Пульмонология (балалар)» сертификаттау курсы балалардағы тыныс алу мүшелерінің ауруларын	<b>24 кредит 720акад.сағат</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>

			диагностикалау, емдеу және алдын алу саласындағы заманауи халықаралық ұсынымдарға сәйкес келетін білімді тереңдетуге бағытталған. Балалардағы тыныс алу мүшелері ауруларының өсуі, әлемдегі антибиотикке төзімділіктің жаһандық мәселесі, заманауи зертханалық және аспаптық тексеру әдістерінің дамуы, тыныс алу мүшелері ауруларын емдеу мен алдын алудың жаңа алгоритмдерін әзірлеу кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті дәрігерлердің білімін, практикалық икемділігі мен дағдыларын жетілдіруді талап етеді.	<b>12 апта</b>	
<b>18</b>	<b>Балалар хирургиясы</b>	Жалпы хирургия Жалпы хирургия (торакалды хирургия, абдоминалды хирургия, трансплантология, колопроктология, онкологиялық хирургия, эндоскопия негізгі мамандық бейіні бойынша, ультрадыбыстық диагностика негізгі мамандық бейіні бойынша)	Бағдарлама «Балалар хирургиясы» мамандығы бойынша дәрігердің кәсіби білімін, біліктілігі мен дағдыларын тереңдетуге бағытталған. Бағдарламада балалар хирургиясының негізгі бөлімдері, атап айтқанда іріңді, шұғыл хирургия, торакалды және неонаталды хирургия қозғалады, жоспарлы хирургия және балалар урологиясы мәселелері кеңінен қарастырылады.	<b>10 кредит 300 акад.сағат 5 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
<b>19</b>	<b>Нефрология (ересектер)</b>	Терапия Терапия (терапия жасөспірімдер) Терапиялық бейін (Терапия, Гастроэнтерология, Кардиология, Ревматология, Пульмонология, Нефрология, Эндокринология, Отбасылық медицина)	Нефрология ішкі аурулар клиникасына кіретін пәндер арасында ерекше орын алады. Осы бағдарлама бойынша тереңдетілген клиникалық дайындығы бар, заманауи дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес амбулаториялық және стационарлық деңгейде нефрологиялық аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсетуге дайын дәрігер-нефрологтарды даярлау жүзеге асырылады.	<b>34 кредит 1020 акад.сағат 17 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
<b>20</b>	<b>Ревматология балалар</b>	Педиатрия Педиатрия (неонатология) Педиатриялық бейін (Педиатрия, Неонатология, Кардиология балалар,	Бағдарлама балалар жасындағы ревматикалық ауруларды диагностикалаудың, емдеудің және оңалтудың теориялық білімдері мен практикалық дағдыларына тереңдетіп оқытуға бағытталған. Оқыту барысында ревматикалық аурулардың	<b>30 кредит 900 акад.сағат 15 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>

		Ревматология балалар, Пульмонология балалар, Гастроэнтерология балалар, Нефрология балалар, Эндокринология балалар, Фтизиатрия балалар)	иммунопатогенезі туралы алынған терең білім негізінде халықаралық ұсынымдарға сәйкес дербестендірілген нысаналы (таргетті) базистік терапияны (соның ішінде гендік-инженерлік биологиялық терапияны) әзірлеу; халықаралық өлшемшарттарды қолдана отырып, терапияның қауіпсіздігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу; аутоқабыну ауруларын ерте диагностикалау дағдылары қалыптасады. Бағдарламаны жүзеге асыру аясында білім алушылар балалардағы ревматикалық ауруларды ерте диагностикалау, аурудың ауырлығын бағалау, ағымын болжау және уақытылы патогенетикалық терапия тағайындау дағдыларын меңгереді, бұл пациенттердің мүгедектігін азайтуға және өмір сапасын жақсартуға бағытталған.		
21	Денсаулық сақтау менеджменті	Жоғары медициналық білімі бар қызметкерлер мамандықтары	Бағдарлама «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандануы бойынша мамандардың кәсіби білімін, біліктілігі мен дағдыларын тереңдетуге бағытталған. Денсаулық сақтаудағы менеджменттің заманауи бағыттарымен танысу, саясатты, қызмет стратегиясын анықтау бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру, денсаулық сақтау ұйымы персоналының жұмысын талдау, жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау әдістемелері мен құралдарын меңгеру.	12 кредит 360 акад.сағат 6 апта	Сұраныстың түсуіне қарай
22	Фармациядағы менеджмент	Фармация (Фармацевтикалық білімі мамандар мамандықтары мен мамандануы)	Кез келген дамыған мемлекетте фармацевтикалық қызмет елдің ұлттық қауіпсіздігі үшін стратегиялық маңызы бар денсаулық сақтау саласы ретінде қарастырылады. Қазіргі жағдайда ұйым басқарушылық қызмет нысаны ретінде күрделі элеуметтік-техникалық жүйелер жиынтығын білдіреді, олардың қызметіне көптеген сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді, бұл менеджментті тұжырымдамаларға, заңдарға, принциптерге және әдістерге сүйенетін өнер ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. «Фармация менеджері» сертификаттау курсы мамандардың өз білімдері мен дағдыларын өзектендіруге ықпал етеді, бұл өз кезегінде олардың кәсіби құндылығы мен	10 кредит 300 акад.сағат 5 апта	Сұраныстың түсуіне қарай

			фармацевтикалық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.		
23	<b>Онкология және гематология балалар</b>	Педиатриялық бейін (Педиатрия, Неонатология, Кардиология балалар, Ревматология балалар, Пульмонология балалар, Гастроэнтерология балалар, Нефрология балалар, Эндокринология балалар, Фтизиатрия балалар)	Бұл білікті маман — балалар онкологы мен гематологын даярлауға, теориялық білімді, практикалық дағдыларды алуға және жетілдіруге және балалар жасындағы онкологиялық және гематологиялық аурулардың өзекті мәселелерін зерделеуге арналған бірегей және озық курс. Сертификациялық курс тыңдаушылары келесі аспектілерді терең оқып үйренеді: балалардағы онкологиялық және гематологиялық ауруларға медициналық көмек ұйымдастыру; балалар онкологиясы мен гематологиясының ерекшеліктері; балалардағы ісіктердің эмбриогенезі; қан түзілу және гемостаз; гемостаздың тамырлық, тромбоцитарлық және коагуляциялық буындарының зақымдануымен байланысты геморрагиялық диатездер; орфандық аурулар; тұқым қуалайтын және жүре пайда болған анемиялар; сүйек миының жетіспеушілік синдромдары; гемобластоздар; балалардағы көлемді ісіктер (саркомалар, ОЖЖ ісіктері, эмбриондық ісіктер, сирек кездесетін ісіктер); балалардағы онкологиялық және гематологиялық ауруларды диагностикалаудың заманауи әдістері мен алгоритмдері; онкологиялық, гематологиялық және орфандық ауруларды емдеудің заманауи бағдарламалары; химиялық терапияның асқынулары мен салдарлары және қосымша терапия; ТГДЖ мәселелері.	<b>28 кредит 840 акад.сағат 14 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
24	<b>Оториноларингология (балалар)</b>	Оториноларингология ересектер, балалар Оториноларингология (сурдология) (ересектер)	Бұл бағдарлама маманның құзыреттілігіне сәйкес балалар жасындағы құлақ, тамақ және мұрын ауруларын диагностикалаудың, емдеудің және алдын алудың негізгі қағидаттарын зерделеуді көздейді. Бағдарлама дәрігер-оториноларингологта балалармен жұмыс істеу үшін қосымша кәсіби білімді, біліктілікті және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған модульдерді қамтиды.	<b>16 кредит 480 акад.сағат 8 апта</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>
25	<b>Кардиология ересектер</b>	Терапия ( жасөспірімдер терапиясы, диетология)	Қазақстан Республикасында қан айналымы жүйесінің аурулары (ҚАЖА) халықтың	<b>41 кредит 1230 акад.сағат</b>	<b>Сұраныстың түсуіне қарай</b>

		<p>Терапия Терапевтік бейін (Терапия, Гастроэнтерология, Кардиология, Ревматология, Пульмонология, Нефрология, Эндокринология, Отбасылық медицина)</p>	<p>сырқаттанушылығының, өлім-жітімінің және мүгедектігінің жалпы құрылымында бірінші орын алады. Осыған байланысты, қойылған міндеттерді сауатты шеше алатын -кардиолог- дәрігерді даярлау үздіксіз медициналық білім берудің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бағдарламаға кардиология саласындағы жетістіктер енгізілген. Жүректің жіті және созылмалы патологиясының этиологиясы, патогенезі, клиникасы, емі және алдын алу туралы заманауи түсініктер толық ашылған. Эпидемиология, этиология, қауіп факторлары талданады. Жүректің жіті және созылмалы патологиясын дифференциалды диагностикалауға, амбулаториялық және госпитальдық кезеңдерде пациентті жүргізу алгоритміне, емдеу кезіндегі фармакологиялық тәсілдер негіздеріне, СЖЖ (созылмалы жүрек жетіспеушілігі) ауыр көріністері бар пациенттерді жүргізуге, ҚР-дағы терапиялық және хирургиялық тәсілдерге үлкен көңіл бөлінген.</p>	<p><b>20,5 апта</b></p>	
--	--	--	---	-------------------------	--